

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТИ**

**ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН  
ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ  
МӘЖІЛСІНІҢ № 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

22. 12.2023 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы – аға оқытушы М.Н.Шаханбаев, Е.Ауелбеков, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Б.Қ.Мұхамеджанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы Е.Б.Мамбетаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет қайраткері А.Т.Ботақараев, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.И.Алтынбеков, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.Б.Есенбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал – АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы А.О.Рахымжанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, подполковник С.Т.Мамбеталиев.

**Күн тәртібінде:**

1. ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.
2. Қолданыстағы ББ аудит арқылы олардың педагогика саласындағы жаңа қадамдар мен технологияларға сәйкестігін анықтау.
3. Аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қарау, жетілдіру шешімдерін қабылдау.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**АҚ төрағасы М.Шаханбаев:** Құрметті АҚ мүшелері, желтоқсан айында ББ ішкі аудитін ұйымдастыру тақырыбына семинар, тренинг өткізу, қолданыстағы ББ аудит арқылы олардың педагогика саласындағы жаңа қадамдар мен технологияларға сәйкестігін анықтау және аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қарау, жетілдіру шешімдерін қабылдау жоспарланған.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 6В014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша бакалавриат деңгейінде (6В01405-Денешынықтыру және спорт, 6В01485-Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық, 6В01404-Бастапқы әскери дайындық, 6В01406-Музыкалық білім, 6В01478-Көркем еңбек және графикалық жобалау), магистратура деңгейінде (7М014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау бағыты бойынша 7М01404-Денешынықтыру және спорт) ББ ішкі аудит ұйымдастырылды. Сараптамалық тұжырымдамалар мен сауалнама нәтижесіне сүйене отырып аталған ББ-лардың жақсы көрсеткішке ие болғанын атап айтқым келеді. Аталған ББ мазмұны халықаралық талаптарға сәйкес жасалған.

**АҚ мүшесі, аға оқытушы, подполковник С.Т.Мамбеталиев:** Ағымдағы жылдағы білім беру бағдарламаларын 2024-2025 оқу жылында қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз ұсынуымызға болады. Сараптамадан жақсы көрсеткішпен өткен және оқу тәжірибесінде сыналған бағдарлама мазмұны қазірше толықтыруды қажет етпейді.

**Ак мүшесі, оқытушы Н.Б.Есентаев:** Білім беру бағдарламаларын талдай отырып, қазіргі заманауи талаптарға толық сәйкес келетінін айтуға болады. ББ бағдарламасындағы күзiреттер мен оқыту нәтижелері білім алушылардың біліктілігін арттыруға бағытталған. Педагогика саласына қатысты өзекті мәселелер қарастырылған бұл бағдарламалар кадр даярлауда тиімділігі жоғары, - деп есептеймін. ББ мониторинг жасау барысында SPSS т.б. компьютерлік сараптау бағдарламаларын қолдану үдерістің бақылауына септігін тигізері анық.

**Ак мүшесі, оқытушы Г.Қасымбекова:** Өткен оқу жылында ББ жасалған толықтырулар мен өзгертулер оң нәтижесін берді. Ағымдағы жылы ұйымдастырылған ішкі аудит барысында бағдарламалардың мазмұны сараланып, өзгеріс қажет емес, - деген тұжырымға келдік. Пән атаулары мен сипаттамалары, кредиттік сағаттары тиімді көрсетілген. Сонымен қатар ағымдағы жылдағы ББ бағдарламалары жұмыс берушілер мен АК мүшелері тарапынан жақсы бағаланды. Қолданыстағы ББ аудит арқылы олардың педагогика саласындағы жаңа қадамдар мен технологияларға сәйкестігі анықталды. Аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қаралып, ББ мазмұнын әлі де болса толықтыруға болатынын айтқым келеді.

**Шешімі:** 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



М.Н.Шаханбаев

Хатшысы:



Г.Касимбекова